№21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы

№21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасының 2022-2023 оқу жылының

«Алақай,балақай!»қуыршақ театры үйірмесінің жылдық жұмысы

Бекітемін:

«Қызылорда облысы білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №21«Алшымыс» бөбекжай- балабақшасы» КМҚК меңгерушісі: ____________ Ә. Нұрмағанбетова

**«Алақай, балақай» қуыршақ театрының жылдық жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

| р/с | Тақырыптары | Театр түрі | Мерзімі | Қай топпен жүргізіледі | Кіммен жүргізіледі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Арыстан мен түлкі» ертегісі | Сахналық қойылым | Қазан, 2022ж | «Айшылайым» «Балдырған» мектепалды тобы | Жанабай Даниял<br>Камысбай Амина<br>Кадірбай Нұрила<br>Нұрсұлы Жанель<br>Қуатбай Ерсеназ | Үйірме жетекшісі<br>Жолмырзаева А<br><br>Алтаева Р<br>Бауыржан А<br>Нұрылла Н<br>Музыка жетекшісі,хореограф |
| 2 | «Мақтақыз бен мысық» ертегісі | Саусақ театры | Қараша, 2022ж | «Еркетай» ересек тобы | Құрманбай Мұхаммед<br>Елубай Раяна<br>Қуандық Меруерт<br>Талғат Алмас<br>Алшымыс Нұрила | Үйірме жетекшісі<br>Жолмырзаева А<br>Қонысбай У<br><br>Музыка жетекшісі,хореограф |
| 3 | «Кішкентай мысық» ертегісі | Қолғап театры | Желтоқсан, 2022 ж | «Балапан» кіші тобы | Топ тәрбиешілері | Үйірме жетекшісі<br>Жолмырзаева А<br><br>Танирбергенова М<br>Қазымбетова Т |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | «Ертегілер сыр шертеді» | Көрме | Қаңтар, 2023ж | «Балдырған» «Айналайын»мектепалды тобы, «Ақтота» «Ботакөз» «Еркетай» «Акерке» ересектер тобы, «Айгөлек» «Балдәурен» «Тілашар»ортаңғы тобы, «Балапан»кіші тобы, «Алтыаяқ»ерте жас тобы «» | Тәрбиешілер және мамандар | Үйірме жетекшісі<br><br>Жолмырзаева А<br>Барлық топ тәрбиешілері<br>Музыка жетекшісі,хореограф |
| 5 | «Бауырсақ» ертегісі | Орамал театры | Ақпан, 2023ж | «Акерке» ересек тобы | Төребай Раян<br>Дулат Раяна<br>Шайхслам Амина<br>Назарқызы<br>Шахназ<br>Алдияр Ансар | Үйірме жетекшісі<br>Жолмырзаева А<br>Насова А |
| 6 | «Жыл басына таласқан хайуанаттар»ертегісі | Сахналық қойылым | Сәуір, 2023ж | «Айгөлек» ортаңғы тобы | Тәрбиешілер және мамандар | Үйірме жетекшісі<br>Жолмырзаева А<br><br>Алдажарова Г. |
| 7 | «Жеті лақ» ертегі | Суретті тақтайшалар театры | Мамыр, 2023ж | «Тілашар» кіші тобы | Мұсабай Нұрислам<br>Серікбай Әмина<br>Болат Айлин<br>Мұратбек Өмір<br>Жылқайдар Мақсат | Үйірме жетекшісі<br>Жолмырзаева А<br>Калирова Ж |
| 8 | Алтын саңқ» | Сахналық | Маусым, | « | Шаңдарбай Раяна | Үйірме жетекшісі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ертегісі | қойылым | 2023ж | «Ақерке»ересектер тобы | Болат Аружан<br>Нияз Ақназ<br>Еркін Бекарыс<br>Ернарұлы Жігер | Жолмырзаева А<br>Наетова А.<br>Турымбетова Ақтоты |
| 9 | «Түлкі,қоян және этеш» ертегісі | Көлеңке театры | Шілде, 2023ж | «Ботакан» ересектер тобы | Бауыржан Айболат<br>Жастілек Исламхан<br>Ерболат Еркін<br>Әділхан Сағида<br>Жылқайдар Аяулым | Үйірме жетекшісі<br>Жолмырзаева А<br>Якудаева С<br>Нұртай А |
| 10 | «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» | Қасық театры | Тамыз, 2023ж | Ақбота ересектер тобы | Жомартова Ақберен<br>Жасұланқызы Сүйрік<br>Қуанышқызы Ханым<br>Рамазан Мерей<br>Сағынтай Азамат | Үйірме жетекшісі<br>Жолмырзаева А<br>Тәңірбергенова М<br>Казамбетова Т |

№21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы

«Арыстан мен тышқан » ертегісі

Қуыршақ театры

«Айналайын» ,«Балдырған»мектепалды тобы

Тәрбиеші: Жолмырзаева А

Қаза,2022ж

**Тақырыбы:** Арыстан мен тышқан қуыршақ ертегісі

**Мақсаты:**Балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру.

**Қатысушылар:**Даниял,Эмина,Жанель-арыстан Нурила-автор,тышқан-Еркеназ

**Даниял:** -Достым арыстан мен тышқан дос бола алады ма?

**Эмина:**- Жоқ, дос болмайды.

**Даниял:** -Неге дос болмайды?

**Эмина:**- Өйткені аң патшасы арыстан онымен дос болуға қорқады.

**Даниял:** -Ендеше арыстан мен тышқан ертегісін бірге көрейік дос болама ?

**болмайма?**

**Нурила:** (Автор) –ертеде орман патшасы арыстан мен тоғайдың түбінде ұйықтап жатады.Үстінде жорғалап жүрген тышқанды көреді.

**Жанель:(арыстан)**-эй арыстан сенің қалай дәтің барады менің үстіме

**Нурила**(Арыстан) ашуға булығып тышқанды ұстап алады.

**Еркеназ( тышқан)**-Тақсыр мені өлтірмеші мені босатшы менде бір сізге көмектесермін.

**Жанель:(арыстан)**-ах,ах,ах сен де айтады екенсің.Сен менің қай қызметіме жарамақсың?

**Жанель:** - Бірақ сонда да бір жолға кешіріп босатайын.

**Нұрила: (автор)**-арыстан қоянды келеке етіп қоя береді.Бейшара тышқан арыстан менің досым деп кете береді.күндердің күнінде арыстан аңшылардың тұзағына түсіп қалады.

**Жанель:(арыстан)**-кім бар мұнда құтқарыңдар мені,көмектесіңдер?

**Еркеназ( тышқан)**- Ой тақсыр қандай қиындыққа тап болғансың? Менен не көмек керек?

**Жанель:(арыстан)**- Бара бер жөніңе сенің қолыңнан не келеді дейсің?

**Нұрила: (автор)**-арыстан тышқанды көзіне ілмей ақырып,бақырып жата бергенде тышқан тұзақтың жібін кеміріп кеміріп арыстанды босатады.

**Еркеназ:(тышқан)**-мені кішкентайсың деп мән бермеп едің міне мен сені бір аналдан құтқардым.

**Жанель:(арыстан)** тышқан мені кешіре гор сен кішкентай болғасын қолыңнан ештеңе келмейді деп ойладым.Кел екеуміз дос болайық.

**Нурила: (автор)**- осылайша арыстан жақсылықтың қайтарымы болатынын түсініп тышқаннан кешірім сұрайды.Осыдан кейін арыстан мен тышқан дос болып кетеді.





# Арыстан мен Тышқан ертегісі





№21 «Алпамыс» бөбекжай – балабақшасы

# Мақта қыз бен мысық

«Еркетай» ересектер тобы

Тәрбиеші: Қонысбай Ү

Қараша айы,2022 жыл

Ерте,ерте,ертеде Мақта қыз бен мысық дос болып жүреді. Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір май тауып алады да мысықты шақырады. Мысық келмейді.
Мақта қыз(Меруерт):
— Келмесең келме! – деп, майды өзі жеп қояды. Жеп болған соң, мысық келеді.
Мысық(Мұхаммед):
— Неге шақырдың? – деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Содан соң мысық:
— Ендеше қатығыңды төгем! – дейді.
Мақта қыз(Меруерт):
— Мен құйрығыңды кесіп аламын! – дейді.
Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады.
Мысық(Мұхаммед):
— Апа, апа, құйрығымды берші! – дейді.
Мақта қыз(Меруерт):
— Менің қатығымды тол! – дейді. Мысық сиырға барады.
— Сиыр, маған қатық берші! – дейді.
Сиыр(Алмас):
— Менің қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеліп берші! – дейді.
Мысық ағашқа барып:
— Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші! – дейді.
Ағаш(Рави):
— Мен шөлдеп тұрмын. Су әкелсең, жапырақ беремін, – дейді. Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді.
— Қыздар, қыздар, маған су беріңдерші! – дейді.
Қыздар(Нұрила) оған:
— Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, – дейді. Мысық дүкенге барады.
— Әй, дүкенші, маған сағыз берші! – дейді.
Дүкенші(Айкөркем):
— Маған жұмыртқа бер, – дейді. Мысық тауыққа барады.
— Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші! – дейді.
Тауықтар( Мелана):
— Бізге дән әкеліп берсең, біз саған жұмыртқа береміз, – дейді.
Мысық: «Енді не қыламын?» – деп, бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды басып қалады.
— Жанымның барында айт! Үйіңде не бар? – дейді.
Тышқан (Нұрәли)қорыққанынан:
— Үйімде бір табақ тарым бар, – дейді.
Мысық(Мұхаммед):
— Маған бір уыс тары бер, – дейді.
Тышқан үйіне барып, бір уыс тары әкеліп береді; мысық тарыны апарып тауыққа береді, тауық жұмыртқа береді; жұмыртқаны апарып дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді, сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді; суды апарып ағашқа береді; ағаш жапырағын береді, жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді; қатықты апарып Мақта қызға береді, Мақта қыз мысықтың құйрығын береді.
Мақта қыз рөлін ойнаған – Құмдық Меруерт
Мысық рөлін ойнаған – Құрманбай Мұхаммед

Сиыр рөлін ойнаған –Талғат Алмас
Ағаш рөлін ойнаған –Елубай Раян
Қасқыр рөлін ойнаған - Алдамыс Нұрила
Дүкенші рөлін ойнаған – Асқарова Айкөркем
Тауық рөлін ойнаған – Пахрадин Медина
Тышқан рөлін ойнаған –Жолбай Нұрали


Мақта қыз бен мысық

№21 «Алтамыс» бөбекжай-балабақшасы

# «Кішкентай маса » ертегісі

Қолқап театры

«Балапан» тобы

Тарбиеші: Танирбергенова М
Назмамбетова Т

Желтоқсан,2022ж

***Қолғап театры арқылы көрсету***

***Ертегі мазмұны бойынша безендірілген қолғап театры***

***Көрнекілігі:*** *Ертегі кейіпкерлері ( маса, тышқан,қоян,түлкі,қасқыр)*

***Көңілшектей маса ертегісі***

***Мақсаты:*** *Ертегі арқылы балалардың ой-қиялын дамыту, тілін, сөздік қорларын молайту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру; Мақтаншақтықтан арылту, ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.*

***Ертегілер елінде***

***Автор:*** *-Балалар, сендер ертегілерді ұнатасыңдар ма?*

***Балалар:*** *иә, ұнайды*

***Автор*** *:Көңілшектей маса дүниеге келе салып, өз-өзіне қарап сүйсіне бастайды.*
*— Міне, ғажап, қандай әдемі, сұлумын! Ғажайып деп осыны айт! Аяғыма қарасаң, алтау екен! Ұп-ұзын, сымбатты! Төрт аяқпен тік тұрасың, ал қалған екеуі: бесіншісі, алтыншысы — қорғаушылар. Олар денеге ешнәрсені жақындатпайды. Маса енді өз қанаттарына қарады. Қандай жеп-жеңіл, жеп-жеңіл, жылдам көтеріп кетеді. Мұртшасы үлпілдек, ал тұмсығы жіңішке сияқты біздей.*
***Маса:*** *өз-өзіне сұрақ қойды . Ал, мен не жасай аламын? — деп . Ән шырқады. Ол әнін алашыққа айта бастады — жапырақтары сыбдырлап, оның әнін тыңдамады. Сөйтіп жүргенде, масаға тышқан кездесті. Тығылып қалған тышқанның ұзын құйрығы сыртта қалып қойды. Менің әнімді тыңдамайсың ғой! Ал ендеше! — деп маса оның құйрығына өзінің біздей тұмсығын сұғып алды.*

***Тышқан:*** *— Ойбай! Апа! — деп тышқан шыңылдап ала жөнелді. Тышқанның «апасын» біреуден қашқанын осы кезде қоян көреді.*

***Қоян:*** *Ол да қорқып, өзінше «апалап» айғай салып, секектей, тышқанның артынан зыта жөнелді. Зымырап келе жатқан қоянның алдынан қу түлкі шыға келеді. Қоянның түлкіге қарауға шамасы болмады.*
***Автор:*** *—Ол да дыбыс шығаруға шамасы жетпей қаша жөнелді. Тышқан, қоян, түлкі жан-жаққа қарауға мұршалары келмей, шаңдата жүгіріп келеді.*

*Аю: Осы сәтте аю апанында ұйықтап жатыр еді. аңдардың дабырлап шулаған даусын естіп, шошып қалды. Атып тұрып арттарынан ере кетті;*

***Автор:****Тышқан, қоян, түлкі, қасқыр ес-түстері қалмай жүгіріп келеді. Бір уақытта тышқан қояннан сұрайды:*

*— — Біз кімнен қашып келеміз*

*— Маса! — деді қоян.*

*— Кім? — деп қасқыр түсінбей.*

*— Маса!*

*— Қасқыр, біздің артымыздан кім қуып келе жатыр? Аңшылар ма? — деп аю қосыла сұрайды.*

*— Қайдағы адам! Маса!*

*— М-а-а-а-с-а! — деп аюдың ақырған даусынан бүкіл орман жаңғырып, аспан айналып жерге түскендей болды. Жүрегі тарсылдап, аю жерге құлап түсіп, басын борсықініне тықты. Аңдардың алдынан көлдіктен бақа ырғып шықты:*

*— Не болды? Кімнен қорқып қашып келе жатырсыңдар?*

*— Ойбай! Маса құртты бізді!— деп ентігін баса алмай аю. Ал кішкентай маса ызылдап әнін айтып қоймады. Бақа таң қалып, көзін шарасынан шығара бадырайтып, аузын ашып: ап! -деп масаны жұтып қойды. Сөйтіп, масаның әні біржолата тынды.*

# "Кішкентай маса" ертегісі





## "Балапан" кіші тобы





Тәрбиешілер: Қазмамбетова Таттигул Таңірбергенова Мерует

№11 [illegible]

# «Бауырсақ ертегісі»

(ортаңғы топ)

[illegible] тобы

Тәрбиеші: [illegible]

[illegible]

[illegible] жыл

Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісін сахналау

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын жетілдіру негізінде тілдік құзіреттілігін қалыптастыру. Түрлі рөлдерді қабылдай білуге және оларды түсінуге жаттықтыру. Ертегінің қойылымына қызығушылықтарын арттыру.

Бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу

Ақтоты: Ерте заманда бір шал мен кемпір өмір сүріпті. Бір күні шал кемпіріне:

Риза: Маған бауырсақ пісіріп берші,- дейді.

Равия: Неден пісіремін? Кеп болса үйде ұн жоқ.

Риза: Әй кемпірім – ай! Сен қамбаның сыпырып қуыс – мүйісін қырып осылайша қалған – құтқан ұнды жина.

Ақтоты: сөзі: Бауырсақ тегіс, домалақ, сырты қызарыңқыраған әдемі болып піседі.

Кемпір бауырсақты суытуға терезе алдына қояды. Бір есе жалғыз–жалғыз жалыққан бауырсақ жерге түсіп әрі қарай домалай жөнеледі.

Осылай домалаған күйі қалың қарағай орманға келіп оған қоян кездеседі.

Қоян айтады:

Амина: Бауырсақ, бауырсақ!

Мен сені жеймін!

Ақтоты сөзі: Бауырсақ оған былай деп жауап береді:

Анвар: Мен атамнан, әжемнен кеткен бауырсақпын, сенен қаши кетуге аса қулықтың қажеті жоқ!

Ақтоты сөзі: Осылайша бауырсақ әрі қарай домалап жөнеледі. Қоян оны дұрыс көрмей де үлгермей қалады.

Ақтоты сөзі: Бауырсақ жалғыз аяқ жолмен домалап келе жатса, оның алдынан қасқыр шыға келеді:

Аружан: Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін.

Әмина: Қасқыр сен мені жеме
Оданда мені тыңда
Мен атамнан, әжемнен
Қояннан кеткен бауырсақпын
Мен қасқыр сенен де кетемін

Ақтоты сөзі: Осылай бауырсақ әрі қарай домалап жөнеледі. Бауырсақ орман ішімен
домалап келе жатса оған аю қарсы шығады.

Тирелан: Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін!

Әмина: Жоқ, аю, сен мені жеме
Оданда мені тыңда
Мен атамнан, әжемнен
Қояннан, Қасқырдан
Кеткен бауырсақпын,
Аю сенен де кетемін.

Ақтоты сол: Осылай бауырсақ әрі қарай домалап жөнеледі. Бауырсақ домалап келе жатса, алдынан түлкі шығып:
Рыза: Бауырсақ, бауырсақ
Мен сені жеймін.
Әмина: Түлкі сен менің не айтатынымды тыңда.
Ақтоты сол: Сонда қу түлкі былай дейді:
Раяна: Мен сенің айтқаныңды тыңдар едім, бірақ қазір қартайып құлағымның естуі нашарлап жүр, тұмсығыма отыр да, айта сал!
Ақтоты сол: Түлкінің тұмсығына отырып бауырсақ әңгімесін бастайды!
Әмина: Мен атамнан да, әжемнен де, қояннан да, қасқырдан да, аюдан да құтылып кеткен бауырсақпын, түлкі енді сенен де кетемін!
Ақтоты сол: Осыны айтып үлгергені сол – ақ екен түлкі аузын ашып, тістерін ақситып, бауырсақты жұтып жібереді!
Осымен ертегі аяқталды да, рольдерде ойнаған балалар ортаға шығып бастарын иейді.











№21 «Алтынай» бөбекжай-балабақшасы»

**Тақырыбы: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі**

**(Сахналық қойылым)**

**«Айгөлек» ортаңғы тобы**

**Тәрбиеші: Аллажарова Гүлдана.**

**Сәуір.2023ж**

**«Жыл басына таласқан хайуанаттар»**

**Гулдана**: Ең ерте заманда хайуанаттар жылдың басы болуға таласыпты. Сонда жылқы айтыпты:

**Ақерке:**- Мен алысты жақын қыламын. Күшімді көреді, сүтімді ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, – дейді.

Түйе айтады:

**Сарқыт:-** Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса, көде, жусан болса, жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық.

Сиыр айтады: **Айсәуле:-** Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт - май істейді, жыл басы болу маған лайық.

Қой айтады:

**Нұргүл:-** Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт - май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ.

Ит айтады:

**Арайлым:-** Мен болмасам, сендердің көбіңді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап, иеме хабар беремін.

Тауық айтады:

**Жұлдыз:-** Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен ерте тұрып, таң атты деп шақырып,

хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын.

**Жаңагүл:**-Тышқан не айтарын білмей тұрады да бір түрлі қулық ойлап, жиылған көпке айтады: - Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын.

**Бекзат:** -Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?», – деп, тышқанның сөзін қостайды. Бәрі қарасып тұрады.

Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің өркешіне шығып отырады. Көп хайуан таласып: «Біз көреміз, біз көреміз»,– деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп, еш нәрсе демепті.

Сонан соң жылды бәрінен бұрын тышқан көріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп құр қалыпты.

№21 «Аншымыс бөбекжай балабақшасы»

# Тақырыбы: «Жеті лақ» ертегісі

«Тілашар» кіші тобы

Тәрбиеші: Кадырова Жанагул

**Тақырыбы:** «Жеті лақ» ертегісі

**Мақсаты:** Балаларды кейіпкерлердің рөлін ойнай отырып, қимыл арқылы көрсетуге үйрету.Ертегіні сахналауға үйрету. Үй жануарларын қорғай білуге үйрету.

Автор: тәрбиеші: Кадирова Жанагүл.

Ешкі – тәрбиеленуші: Әбілхан Айлин

Қасқыр- тәрбиеленуші: Жұмабек Нұрали

Лақтар-тәрбиеленуші: Амангелді Кәусар

Алмас Әмина

Бақтыбай Айганым

Баяғыда бір ешкінің жеті лағы болыпты. Ешкі күн сайын далада шөп жеп мұп мұздай су ішуге орманға кетеді .

Ешкі кетісімен лақтары үйдің есігінің күршегін ілін алып, өздері ешқайда шықпайды.

Ешкі орманға кеткеннен соң үйіне қасқыр келіп, есігін қағады. Үйге кіре алмаған қасқыр тасаға тығылып, ешкінің келуін күтеді. Бір кезде ешкі келіп: Қарақтарымшырақтарым есікті аша қойыңдар, анаңыз сендерге сүт әкелді.

Лақтар: Алақай, алақай анамыз келді.

Лақтар есікті ашып, ешкі үйге кіреді.

Ертесіне ешкі орманға кеткенде, қасқыр есікті қағып:

Қасқыр: Қарақтарым , шырақтарым анаңыз сендерге азық әкелді есікті аша қойыңдар.

Лақтар: Алақай , алақай анамыз келді деп есікті ашады. Қасқыр үйіне еніп лақтарды алып кетеді.

Қасқыр: р,р,р

Лақтар. Ма, ма, ма

Кішкентай лақ пештің ішіне тығылып аман қалады.

Ешкі: мә, мә мә, лақтарымды қасқыр жеп кетіпті, енді қайттім.

Сол кезде пештің ішінен кішкентай лақ шығып болғанын жағдайды айтады.

Ешкі: Ақша өтінемін , менің балаларымды қасқыр алып кетіпті құтқаршы.

Ақшы, жарайды құтқарамын.

ақшы лақтарды тауып алып, үйлеріне алып кетеді.

Ешкі мәз болып , балаларымен ұзақ өмір сүріпті.